



ОБЛЫС ӘКІМІ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН БІРГЕ ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жалағаш ауданына жұмыс сапары кезінде жұртшылықпен кездесіп, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге тұрғындарды жеке қабылдады.

Оқушылар үйі мен өнер мектебі ғимаратында өткен жеке қабылдауға 65 азамат келді. Олар газ, көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізу, спортпен шұғылданып отырғандарын салу, емханаңның көріз жүйесін жаңарту, жұмысқа орналасу, кәсібін кеңейту, тағы басқа мәселелерді көтерді.

Аймақ басшысы мәселелерді сала мамандары мұқият зерделеп, заңдылығына қарай шешім қабылданып жеткізді және жауапты басқарма басшыларына нақты тапсырма берді. Көтерілген мәселелердің әрқайсысы жіті зерделеніп, жан-жақты талданады. Содан кейін заң аясында шешім қабылданбақ.

Жеке қабылдауға келген кент тұрғыны Қаракеткен ауылы және Далдабай елді мекеніне табиғи газ жүргізу жайын қозғалды. Облыс әкімі қазіргі таңда аталған елді мекендерді

газдандырудың жоба-сметалық құжаттары жасалып, мердігер және техникалық қадағалаушы мекемелер анықталғанын жеткізді.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 2023 жылы несие алып, жылыжай ашқан кент тұрғыны кәсібін кеңейтуге көмек сұрады. Оған бағдарлама аясында жеңілдетілген несие алу мүмкіндіктері жайында түсіндірілді.

Тұрғындар құқық қорғау органдары басшыларының қабылдауына негізінен өздерін толғандырған мәселелердің заңдық тұрғыда қалай шешілетінін білуге келеді. Бүгінгі кездесуде олар барлық сауалдарына толыққанды жауап пен маман кеңесін алды.

Дәстүрге айналған мұндай қабылдаулар алдағы уақытта өңірдің басқа да аудандарында ұйымдастырылатын болады.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқанын жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, өр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

АУЫЛДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ЖАҢҒЫРТУ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылында «Ауылдық денсаулық сақтау саласын жаңғырту» республикалық жобасы бойынша салынған дәрігерлік амбулатория ашылды. Салтанатты шараға облыстың құқық қорғау органдарының басшылары, медицина саласының ардагерлері, қоғам қайраткерлері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Жиналған жұртшылықты құттықтаған аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы, құрылыс пен денсаулық сақтау салаларындағы жаңалықтарға ерекше тоқталды. «Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ол өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындыларын туралы баяндады. Елбасымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы облыста атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Алда әлі көптеген жобаларымыз бар. Біз бұл бағытта жұмысты жалғастырамыз.

Облыстық денсаулық сақтау бюджеті 129 млрд 448 млн. теңгеге жетті. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық аудандарда 28 медициналық мекеме салынды. Жалағаш ауданы, Есет батыр және Мырзабай ахун ауылдарындағы екі дәрігерлік амбулатория 2023 жылы ашылып, бүгінде ел игілігіне қызмет етуде.

Ел игілігіне тапсырылатын жаңа ғимаратта алғашқы медициналық-санитарлық көмектің сапасын арттыруға жол ашайық! Дәрігерлеріміз елге адал қызмет етіп, халыққа алғыс айта берсін! Егеменді еліміздің тұрғыры биік, Тәуелсіздігіміз тұрғыры болсын! – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жылында медицина саласының ардагері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» және «Парасат» медальдарының иегері

Тұрғанбай Маханов ақ батасын берді. Марапаттар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына аянбай тер төккен ардагерлер мен аурухананы салған құрылысшыларға табыс етілді.

Айта кетейік, өткен жылы Қызылорда қаласында жаңа «Қан орталығы» ашылып, бүгінде ел игілігіне қызмет етуде. Жаңақорған ауданындағы Төменарық ауылында және Арал ауданындағы Сексеуіл ауылында ауылдық ауруханалар пайдалануға берілді. Ана мен баланың өмірін қорғау мақсатында көпсалалы облыстық ауруханада жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 төсектік перинаталдық бөлім ашылды.

Облыс орталығында емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 төсектік көпсалалы аурухана салынууда. Сондай-ақ, республикалық жоба аясында көп салалы 4 аудандық орталық аурухана жанынан қосымша құрылыс салынады.

Өткен жылы 8 медициналық мекеме күрделі жөндеуден өтті. Биыл 6 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылады. Медициналық техникамен қамтамасыз ету деңгейі 87,1%-ға жетті. Соңғы 2 жылда облыстың барлық елді мекендеріндегі денсаулық сақтау мекемелері 245 жаңа жедел жәрдем көлігімен қамтамасыз етілсе, оның 11-і Жалағаш ауданына берілді. Осылайша ауылдарды жедел жәрдем көлігімен қамтамасыз ету мәселесі толығымен шешілді.



Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған «Қазақстан халқы» қоры өңірдегі денсаулық сақтау саласын дамытуға 4 млрд. теңгеден астам жіберілді. Осы қор арқылы Арал, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласында «Қамқорлық» оналту орталықтары ашылды. Жылжымалы медициналық скринингтік кешен алынып, ауыл тұрғындары тексерілуде.

ЖАҢАҚОРҒАНДА «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ТАҒЫ БІР ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жаңақорған ауданының «Саяжай» шағын ауданында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы 600 орындық білім ошағының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Іс-шараға Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов, жауапты салалардың, құқық қорғау органдарының басшылары, сала ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы аудан тұрғындарын жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталды. «Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын баяндады. Президентіміз облысымыздың экономикалық өсіміне оң бағасын берді.

Осы жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Биыл «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аяқталады. Барлық аймақта заман талабына сай тірек мектептер желісі құрылып жатыр. Менің тапсырмаммен үш жыл ішінде тағы 1300 мектеп жаңғыртудан өтеті», – деген болатын.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірінде байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар жүзеге асуда. Біз ұрпақ білімін арттыруға, қоғамда ұстаз беделін көтеруге әрқыз мүдделіміз. Тұрақты қолдаудың арқасында өңіріміздің білім саласы табысқа жетті. Сәулелі жаңа мектептер



бой көтерді.

Өткен жылы білім саласына бөлінген қаржы 270 млрд теңге болса, биылғы бюджеті 308 млрд 134 млн теңгеге жетті, яғни 16,9 пайызға артты. Жаңа мектептердің ашылуы – жай ғана ғимараттардың салынуы емес, бұл жаңа дәуірде білім алатын озат оқушыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлау.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 6 900 оқушыға арналған 10 мектеп құрылысы басталып, облыс орталығындағы 900 орындық алғашқы мектепті өткен жылдың қазан айында табыстадық.

Жыл басында Жаңақорған ауданының «Жанарық» ауылында, Арал қаласында 300 орындық, Қызылорда қаласында 600 орындық мектептерді пайдалануға бердік. Жыл ішінде тағы 5 «Жайлы мектептің» құрылысын аяқтаймыз.

Бүгін, міне, «Самұрық Қазына» акционерлік

қоғамының үйлестіруімен жүзеге асырылған, құны 4 млрд 709 млн теңге болатын 600 орындық «Жайлы мектепті» ел игілігіне табыстаудамыз. Біз бұл арқылы Жаңақорған кентінде қарқынды өсіп келе жатқан «Саяжай» шағын ауданындағы балаларымыз баратын мемлекеттік мектептің мәселесін шештік. Енді оқушыларға басқа мектептерге қатынаудың қажеті жоқ.

Алдымызда нақты жоспарларымыз бен бастамаларымыз әлі де көп. Оларды іске асыру бағытындағы жұмыстарымызды жалғастыра береміз. Қуаныштарыңыз құтты болсын! – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жылында Мұрат Әбенов аудан тұрғындарын жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, қоғам қайраткері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Ибрагим Әбибуллаев батасын берді.

Айта кетейік, өткен жылы аймағымызда 6 мектеп бой көтеріп, 5 мектепке қосымша ғимарат ел игілігіне табысталды.

Осылайша Арал ауданы Тоқабай ауылындағы №248, Шиелі кентіндегі №252 және Жансейіт ауылындағы №133 апатты мектептердің мәселесі шешілді.

«ҚазГермұнай» компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі 350 орындық «Оқушылар сарайы», Жаңақорған ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» ел игілігіне табысталды. Жыл ішінде Шиелі ауданында да 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» жұмысын бастайды.

Облыс орталығындағы «Шығармашылық академиясы», музыкалық колледждің жаңа ғимараты мамыр айында, дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты наурыз айында аяқталмақ.

Биыл «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» есебінен Арал ауданының «Жалағаш» ауылынан 150 орындық мектеп салынады. Былтыр 3 млрд 100 млн теңгеге 8 мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді.

Мемлекет басшысының 1 300 мектепті жаңғырту тапсырмасына сәйкес алдағы 3 жыл ішінде облыстағы 51 мектеп, оның 9-ы биыл күрделі жөндеуден өтеді.

Салтанатты іс-шарада Жаңақорған ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен заманауи білім ордасының құрылысын жүргізген мердігер мекеменің қызметкерлері марапатталды.

«Ел тілегі» ақпарат

